
ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС ТАЪЛИМ ВАЗИРЛИГИ

Низомий номидаги Тошкент Давлат педагогика университети

Умумий педагогика кафедрасининг профессори, педагогика фанлари номзоди А.С.Калдыбековнинг “Математика ўқитиш методикаси” бакалавриат таълим йўналиши 303-кз гуруҳида ўтказадиган “Умумий педагогика” фанидан “Педагогик такт ва педагогик этика” мавзусида очиқ маъруза машғулоти

(2017 йил, 16-октябрь)


E'LON!
2017-yilning 16-oktyabr kuni,
2-juftlikda Fizika-matematika fakulteti
3-kurs Kazmatda
(4-07 auditoriya)da
"Umumiy pedagogika"
kafedrasi professori
A.S.Kaldibekovaning
"Pedagogik takt va pedagogik etika"
mavzusidagi ochiq ma'ruza mashg'uloti
bo'lib o'tadi.

VI.1. «Педагогикалық такт және педагогикалық этика» тақырыбындағы мағлұматты лекция оқыту технологиясының моделі

Оқу уақыты – 2 сағат	Студенттер саны – 26
Оқу жұмысының формасы:	Мағлұматты лекция
Оқу жұмысының құрылымы:	1. Такт және педагогикалық такт туралы түсінік. 2. Сабақта педагогикалық такт. 3. Тактика және педагогикалық тактика. 4. Педагогикалық тактты меңгеру шарттары. 5. Этикалық категориялар. Педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасы
Оқу жұмысының мақсаты: Студенттерге педагогикалық такт пен педагогикалық этика туралы білім беру, оның педагогикалық процестегі орнын ашып беру.	
Педагогикалық міндеттер:	***Оқу қызметінің нәтижелері – студенттің міндеті:***
- такт және педагогикалық такт туралы түсінік беру; - сабақта педагогикалық тактан пайдалану жолдарын үйрету; - тактика және педагогикалық тактика туралы түсінік беру; - педагогикалық тактты меңгеру шарттарын көрсетіп беру; - педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасын сақтау жолдарын түсіндіру.	- такт және педагогикалық тактты түсіндіріп береді; - сабақта педагогикалық тактан пайдалану жолдарын айтып береді; - тактика және педагогикалық тактиканы түсіндіріп береді; - педагогикалық тактты меңгеру шарттарын айтып береді; - педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасын сақтау жолдарын түсіндіреді.
Оқыту методтары мен техникасы:	лекция-визуал (көзбен шолу), блиц-сұрақ, түсіндіру, «Инсерт» графикалық органайзері.
Оқу қызметін ұйымдастыру формасы:	коллективтік, индвидуал жұмыс
Оқыту тәсілдері:	лекция мәтіні, слайд-презентация, көрнекі материалдар, ақпараттық қамсыздандыру
Оқытуды ұйымдастыру жағдайы:	аудитория, техникалық тәсілдермен жұмыс істеуге бейімделген кабинет
Бақылау:	өзін-өзі бақылау, блиц-сұрақ, рефлексия

VI.2. «Педагогикалық такт және педагогикалық этика» тақырыбындағы мағлұматты лекцияның технологиялық картасы

Жұмыс кезеңдері, уақыт	Қызметтің мазмұны	
	Оқытушы	Студент
I кезең. Оқу жаттығуына кіріспе – Үндеу (10мин.)	1.1. Тақырыпты және оның мақсатын хабарлайды (экраннан көрсетеді), күтілетін нәтижелермен таныстырады. Өз бетінше оқу үшін әдебиеттер тізімін ұсынады. (**1,2** ***слайдтар***).	тыңдайды
	1.2. Бүгінгі лекцияда не туралы сөз болатынын ойлауды және сұрақтарға жауап беруді ұсынады, «**Инсерт**» таблицасын пайдаланады (***1-қосымша***).	тыңдайды, жазып барады, жауап береді
II кезең. Негізгі – Ұғыну (60 мин.)	2.1. Тақырып бойынша лекция мәтінін тарқатады, оның жоспары және негізгі түсініктерімен таныстуды тапсырады. (***3-қосымша***).	тыңдайдыа нықтайды, сұрақтар береді
	2.2. Презентация технологиясы жәрдемінде негізгі теориялық мағлұматтарды баяндайды ***(3,4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16 слайдтар***). Үндеуші сұрақтарды беріп, тақырыптың ең негізгі түсініктерін ажыратып көрсетеді, әрбір оқу бірлігі бойынша қорытынды жасайды.	жазады, талқылайды, анықтайды, сұрақтар береді
III кезең. Қорытынды – Пікірлеу (10 мин.)	3.1. «**Блиц-сұрақ**» өткізеді. (***2-қосымша***) Лекцияны қорытындылайды. Белсенді студенттерді марапаттайды.	сұрақтарға жауап береді, тыңдайды
	3.2.Өзіндік жұмыс үшін тапсырма береді: Педагогикалық этикетке мысалдар жазып келу. *Әдебиет:* 1.Педагогикалық шеберліктен оқу құралдары. Электрондық оқыту ресурстары	Жазып алады

1-қосымша

ИНСЕРТ әдісін қолдана отырып жұмыс істеу

1. Берілген мәтінді оқы:
1. Такт
2. Педагогикалық такт
3. Тактика
4. Педагогикалық тактика
5. Этика
6. Педагогикалық этика
7. Этикет

2. Қаламмен белгілей отырып, қабылданған ақпаратты жүйеле:
–«V» - (мен) – білетін ақпарат.
–«-» - (минус) – қабылданған білімдерге қарама-қарсы ақпарат.
–«+» - (плюс) – жаңа ұғым.
–«?» - (сұрақ) – түсініксіз, толықтыруды талап ететін ақпарат.

2-қосымша

№	**«Педагогикалық такт және педагогикалық этика»** тақырыбын қорытындылау бойынша ***блиц-сұрақ***
1.	Педагогикалық такттың такттан айырмашылығы неде?
2..	Педагогикалық тактты кім белгілейді?
3.	Педагогикалық тактика оқытушы үшін неге керек?
4.	Педагогикалық тактты меңгеруге бола ма?
5.	Этикалық норма дегеніміз не?
6.	Педагогикалық қызметте оқытушы қандай этикалық нормаларға бойсынуы керек?
7.	Педагогикалық этикет қай жерде көрініс табады?

3-қосымша

6-тақырып. Педагогикалық такт және педагогикалық этика - 2 сағат.

Жоспар:

1. Такт және педагогикалық такт туралы түсінік.
2. Сабақта педагогикалық такт.
3. Тактика және педагогикалық тактика.
4. Педагогикалық тактты меңгеру шарттары.
5. Этикалық категориялар. Педагогикалық қызметте қарым-қатынас этикасы.

Әдебиет:

1. Азизхўжаева Н.Н. Педагогик технология ва педагогик маҳорат. ТДПУ-2003.
2. Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. –М. «Просве-щение», 1987.
3. Карнеги Д. Как завоевать друзей. Ч.1. –М., 1994.
4. Қалдыбекова А.С. Жалпы педагогика теориясы және практикасы. 1-бөлім. Педагогика теориясы – Т.: Низомий номидаги ТДПУ, 2013.
5. Очилов М. Ўқитувчи одоби. –Т.: Ўқитувчи, 1997.
6. Рыданова И.И. Основы педагогики общения. – Минск, «Беларуская навка» 1998.
7. Скакун В.А. Основы педагогического мастерства.–М. ФОРУМ: ИНФРА-М, 2010.
8. Xoliqov A. Pedagogik mahorat. –T.: IQTISOD-MOLIYA, 2011, - 424 b.
9. **Электрондық оқыту ресурстары**

1.

Такт (лат. tactus – жанасу, сезім) – бұл әдептілік категориясы болып, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты тәртіпке салады.

Педагогикалық такт деп мұғалімнің тәрбие беру процесінде балалардың көңіл күйін, жан дүниесін, мінез құбылыстары мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін терең білудің негізінде нақтылы жағдайлардың талабына сәйкес қолданатын әдіс-тәсілдердің жинағын айтамыз. Педагогикалық такт оқытушыдан оқушыны жақсы көру, оның жеке басын құрметтеумен шектелмей, оған дұрыс жол таба білуін де талап етеді.

Педагогикалық тактінің негізгі көрсеткіштері: оқушыға құрмет; оқушыны көріп, тыңдай білуі; тіл табыса білуі; педагогтың балаларға деген зейіні мен мейірімділігі; болған жағдайды тез және дұрыс бағалауы; оқушының тәртібіне байланысты қорытынды шығаруға асықпауы; қиын жағдайға тап болса, сабырлық сақтап, сезімдерін тежей білуі; талап ету икемділігі, оқушыларға деген мейірімділігі; оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, оларды жетік білуі; өз ісіне баға бере алуы.

Педагогикалық тактың **құрылымы**: оқушыларға педагогикалық әсер етудегі мөлшерді сақтау мәселесі; ұстаздық ықпалдың нәтижелілігі, жеке адамның, атап айтқанда, оқытушының баланың рухани дүниесін егжей-тегжейлі түсіне білуі; жас буынның ұнамды қасиетін тани біліп, оны бүкіл адамгершілік мінез-құлықты қалыптастыруға пайдалануға қабілеттілігі.

2.

Педагогикалық такт сабақтың барлық кезеңдерінде қажет. Әсіресе, оқушылардың білімін тексеру және бағалау кезінде керек. Психолог А.А.Леонтьевтің пікірінше, мұғалім сабақта оқушылардың темпераментін де ескеруі керек. Педагогикалық тактты дұрыс меңгермеген оқытушыларда кездесетін **қателіктер** мыналар:

1. Жақсы оқушыға қарағанда нашар оқушының жауап беруіне аз уақыт беруі, яғни оның ойлануына мүмкіндік бермейді. Егер жауап дұрыс болмаса, жетелейтін сұрақтар беріп, көмектеспейді.

2. Ымырашылдыққа салынып, тез береген жауапты оңай және оң бағалайды.

3. Нашар оқушының қате жауабы үшін жиі ұрсады, керісінше дұрыс жауабы үшін сирек мақтайды.

4. Нашар оқушының көтерген қолын байқамаған болып басқасын шақырады.

5. Сирек күледі, жақсы оқушыдан гөрі нашар оқушыға сирек қарайды, сирек шақырады. Кейде сабақта онымен мүлде жұмыс істемейді.

Сабақта педагогикалық әдептің негізгі **белгілері** төмендегідей:

- табиғилығы, пікірлесудегі қарапайымдылық;
- жалғансыз, шынайы іс-әрекеті;
- оқушыға сенуі;
- жалынбай өтініш жасау;
- сездірмей-ақ кеңестер мен нұсқауларды беру;
- оқушының өзіндік «менін» тежемей талап ету және сендіру;
- күлкіге айналдырмай юморды қолдану;
- қарым-қатынаста іскерлік көрсету, салқындылық танытпау;
- қойған талаптан бас тартпай тәрбиелік ықпалды жүзеге асыруда нақтылықпен реттілікті басшылыққа алу;
- өзінің бақылауын байқатпай оқушыға көңіл бөлу, пікірлесудегі салмақтылық.

3.

Тактика (грекше taktike – *"тәртіпке келтіру"*) – белгілі бір мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс, жол.

Педагогикалық тактика – педагогикалық мақсатқа жету үшін оқытушының қолданатын әдіс-тәсілдері. Педагогикалық тактика мұғалімде оқушыға әсер етудің жағдайға қарай орағытуға болатын әр түрлі құралдарының мол қоры болуын ескереді. Педагогикалық тактика бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Оны барлық жағдайда барлық педагогтар қолдана алатын белгілі бір нұсқауға, тіпті ережелерге айналдыру қиын. Оқушылар сабаққа дайын болмаған жағдайда қарым-қатынастың айқын, қатал, салқын, сыпайы сарынын пайдалану керек. Сабақтан тыс уақытта балалармен достық, сырластық қатынаста болған жөн.

4.

Педагогикалық тактты меңгеру үшін төмендегі **ережелерді** есте сақтау керек:

1. Конфликтті жағдайларды түсінуге әрекет ету, оның үшін сыртқы көріністе байсалдылық және ұстамдылық.
2. Өзінің іс-әрекетімен сұхбаттасына әсер ету.
3. Бірден жағдайды бағалауға әрекет етпеу, өз көзқарасын ғана білдіру.
4. Мақсатты біріктіру.
5. Шешімге келуде өз позициясының дұрыстығына көз жеткізу.

5.

Этика (грек. ethos – дағды, әдет-ғұрып) – зерттеу нысаны мораль, адамның мінез-құлқы болып табылатын әдептілік туралы философиялық тағылым. Этика қызметтің барлық түрінде кездеседі. Мысалы, медициналық этика, әскери этика, басқару этикасы, сауда этикасы, т.б.

Этикалық норма – адамдардың ұқсас мінез-қылықтары ортақ ережелер бойынша немесе тыйым салу арқылы реттеліп отыратын адамгершілік қағидалар формасы.

Этикалық категориялар – бұлар достық, махаббат, жомарттық, ар-намыс, ұят, абырой, парыз, әділеттік, бақыт.

Педагогикалық этика - бұл мұғалімнің педагогикалық процесс барысында ұстанатын моралдық (адамгершілік) нормалары.

Педагогикалық **этиканың категориялары:** кәсіби парыз; педагогикалық әділеттілік; кәсіби ар-ождан; педагогикалық ар-намыс; педагогикалық такт; жауапкершілік; абырой; бедел

Этикет (этикет француз тіліндегі «etiquette» – мінез-құлық мәнері деген мағынаны білдіретін сөзден шыққан термин) – нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебі.

Педагогикалық этикет өз ішіне педагог пен тәрбиенелуші, педагог пен ата-ана, педагог пен педагог арасындағы қарым-қатынаста тәрбиеленушіге, ата-анаға, кәсіптесіне құрметті көрсететін, қарым-қатынастан жағымды әсер алуға әрекет етуін тәртіпке салушы мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Педагогикалық этикет оқытушының кәсіптік имиджінде, сөйлеу мәнерінде, мінез-құлқында көрініс табады.